

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 834 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Махмұдұлы Қасымбекке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 834 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісім

Бұдан әрі "Уағдаласушы тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қатысушылары бола отырып;

олардың аумақтары арасында және олардан тысқары жерлерде әуе қатынастарын орнату мақсатында келісім жасасуға ниет білдіре отырып;

халықаралық авиация көлігінде жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етуге ниет білдіре отырып;

төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Анықтамалар

Егер мән мәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(a) "авиациялық биліктер" деген термин Қазақстан Республикасына қатысты – Инвестициялар және даму министрлігін және Финляндия Республикасына қатысты – Фин көлік қауіпсіздігі агенттігі немесе екі жағдайда да – жоғарыда көрсетілген органдар орындайтын функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті кез келген органды немесе адамды білдіреді. Бір Уағдаласушы тараптың уәкілетті органының атауына өзгерістер енгізілген кезде екінші Уағдаласушы тараптың атына дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабарлама жіберілетін болады.

(b) "уағдаластық желілер" деген термин жолаушыларды, жүкті және поштаны жеке немесе жиынтықтап тасымалдау үшін осы Келісімге қосымшада көрсетілген маршруттарға сәйкес жоспарланған әуе тасымалдарын білдіреді;

(c) "Келісім" деген термин осы Келісімді, оның қосымшасын және оған қосымша өзгерістерді білдіреді;

(d) "Конвенция" деген термин 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны білдіреді және екі Уағдаласушы тарап осындай қосымшалар мен түзетулерді қабылдаған және ратификацияланған дәрежеде осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген қосымшаны және оның 90 және 94-баптарына сәйкес қосымшаларға немесе Конвенцияға кез келген түзетулерді;

(e) "тағайындалған авиакәсіпорын" деген термин осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және уәкілеттілік берілген авиакәсіпорынды білдіреді;

(f) "Мемлекет" деген термин Еуропалық Одаққа мүше мемлекетті білдіреді;

(g) "тариф" деген термин жолаушыларды, багажды немесе жүкті тасымалдағаны үшін алынатын алымдарды және олардың агенттері мен осындай бағаларды қолдану шарттарын қоса алғанда, поштаны тасымалдағаны үшін сыйақыны және шарттарды қоспағанда, осындай алымдарды қолдану шарттарын білдіреді;

(h) "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын" және "коммерциялық емес мақсаттардағы аялдама" деген терминдер Конвенцияның 96-бабында көрсетілген мағыналарды білдіреді;

(i) "аумақ" деген терминнің Конвенцияның 2-бабында ол үшін айқындалған мағынасы болады.

2-бап. Құқықтар беру

1. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарап тағайындаған авиакәсіпорын халықаралық әуе қатынасын жүзеге асырған кезде екінші Уағдаласушы тарапқа мынадай:

(a) екінші Уағдаласушы тараптың аумағына қонбай ұшып өту;

(b) екінші Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағына коммерциялық емес мақсаттарда аялдама жасау;

(c) халықаралық бағыттағы жеке немесе жиынтықтап жолаушыларды отырғызу мен түсіру, жүкті және поштаны тиеу мен түсіру мақсатында екінші Уағдаласушы Тарап

мемлекетінің аумағында қосымшада осы маршрут үшін көрсетілген пункттерге қону құқықтарын береді.

2. Осы баптың 1-тармағында ешнәрсе де бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорынға Екінші Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағында осы екінші Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағындағы басқа пунктке тасымалдау үшін сыйақыға немесе жалдау шартымен жолаушыларды, жүкті және поштаны бортқа алу құқығын беру ретінде қаралмайды.

3-бап. Авиакәсіпорындарды тағайындау және пайдалануға рұқсат беру

1. Әрбір Уағдаласушы тараптың екінші Уағдаласушы тарапқа бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, шарттық желілерді белгіленген маршруттар бойынша пайдалану үшін бір немесе одан көбірек авиакәсіпорынды тағайындауға, осындай тағайындаулардың күшін жоюға немесе оларды өзгертуге құқығы бар.

2. Осындай хабарлама алынғаннан кейін және осы Келісімнің 3 және 4-баптарының ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындары пайдалануға арналған тиісті құжаттарды дереу тағайындалған авиакәсіпорынға немесе авиакәсіпорындарға беруге тиіс.

3. Бір Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындары ұшуды орындауға рұқсат беруден бұрын екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнынан оның халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асырған кезде көрсетілген билік орындары әдетте қолданылатын заңдар мен ережелердің талаптарына жауап беретіндігінің дәлелдемелерін талап ете алады.

4. Әрбір Уағдаласушы тарап шарттық желілерді белгіленген маршруттар бойынша пайдалану мақсатында осы Уағдаласушы тараптың аумағында құрылған авиакәсіпорынды тағайындауға тиіс.

Әрбір Уағдаласушы тарап осы баптың 2-тармағында айтылған пайдалануға арналған рұқсатты беруден бас тартуға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды тағайындалған авиакәсіпорынды пайдаланған кезде аталған Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорны:

- мемлекеттің аумағында құрылғандығына; немесе
- қолданыстағы пайдалануға арналған лицензия және тағайындаушы Уағдаласушы тарап қолданатын заңнамаға сәйкес пайдаланушының сертификаты бар екендігіне; немесе
- пайдаланушының сертификатын беруге жауапты мемлекет өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына тиімді бақылауды жүзеге асыратындығына және қолдайтындығына, ал тағайындау кезінде тиісті авиациялық орган дәл анықталғандығына дәлелдемелері болған кез келген жағдайда, қажет деп санайтын осындай талаптарды орындауды талап етуге құқылы.

5. Авиакәсіпорын тиісті тағайындаудан және рұқсат берілгеннен кейін осы Келісімнің ережелері сақталған жағдайда, келісілген желілерді пайдалануды кез келген уақытта бастай алады.

4-бап. Пайдалануға арналған рұқсатты қайтарып алу немесе оның қолданылуын тоқтата тұру

1. Әрбір Уағдаласушы тараптың пайдалануға арналған рұқсатты **қайтарып алуға** немесе осы Келісімнің 2-бабында көзделген, екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына берілген құқықтардың пайдаланылуын уақытша тоқтата тұруға немесе мұндай құқықтарды пайдалануға шектеу қоюға құқылы, егер:

a) егер тағайындалған авиакәсіпорнының осы Келісімнің 3-бабының 4-тармағында көрсетілген талаптарды орындап жүргенінің дәлелдері болмаса, кез келген жағдайда; немесе

b) егер авиакәсіпорын оған осы құқықтарды берген Уағдаласушы тарап мемлекетінің заңдары мен ережелерін сақтамаған жағдайда; немесе

c) авиакәсіпорынға Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одаққа мүше басқа мемлекет арасындағы екіжақты келісім бойынша келісілген желілерді пайдалануға бұрын рұқсат берілген болса, бұл Еуропалық Одаққа мүше басқа мемлекеттегі пунктті қамтитын маршрутта осы Келісім шеңберінде тасымалдау құқықтарын жүзеге асыру арқылы ол аталған екі жақты келісіммен енгізілген тасымалдау құқықтарын шектеуді айналып өтетінін дәлелдей алса; немесе

d) егер бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына тиімді реттеушілік бақылауды Қазақстан Республикасымен әуе қатынасы туралы екіжақты келісімі жоқ Мемлекет жүзеге асырса және осы Мемлекет екінші Уағдаласушы тарап тағайындаған авиакәсіпорындарға тасымалдауға арналған құқықтарды беруден бас тартса; немесе

e) егер осы авиакәсіпорын қандай да болса өзгеше түрде осы Келісімде көзделген талаптарды сақтамаса.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған құқықтарды дереу кері қайтарып алу, қолданысын тоқтата тұру немесе шектеу заңдарды және осы Келісімнің қағидаларын немесе ережелерін одан әрі бұзушылықты болғызбау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, бұл құқық осы келісімнің 17 бабына сәйкес екінші Уағдаласушы тараппен консультация жүргізгеннен кейін ғана пайдаланылады. Аталған консультациялар, егер Уағдаласушы тараптардың екеуі де өзгеше келіспесе, бір Уағдаласушы тарап сұрау салған күннен бастап 30 (отыз) күн өткенге дейін жүргізіледі.

5-бап. Заңдар мен қағидаларды қолдану

1. Бір Уағдаласушы тараптың халықаралық әуе қатынасын жүзеге асыратын әуе кемелерінің өз мемлекетінің аумағына ұшып келуін/одан ұшып кетуін немесе осы әуе кемелерінің пайдаланылуын реттейтін заңдары мен талаптары екінші Уағдаласушы тарап тағайындаған авиакәсіпорынның немесе авиакәсіпорындардың әуе кемелеріне

олар көрсетілген аумаққа ұшып келу, одан ұшын кету және онда болу кезінде қолданылады.

2. Бір Уағдаласушы тарап мемлекетінің өзінің аумағына жолаушылардың, экипаждардың, жүктің, поштаның келуін және оның шегінде болуын және одан жөнелтілуін реттейтін заңдары мен қағидалары және атап айтқанда, паспорттық, кедендік, валюталық және санитарлық бақылауға қатысты қағидалар екінші Уағдаласушы тарап тағайындаған кез келген авиакәсіпорынның әуе кемелерінің жолаушыларына, экипаждарына, жүгіне және поштасына олардың көрсетілген аумақ шегінде болуы кезінде қолданылатын болады.

3. Уағдаласушы тараптардың ешқайсысы өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Уағдаласушы тараптың ұқсас халықаралық әуе қатынасын жүзеге асыратын тағайындалған авиакәсіпорнына қатысты осы бапта көзделген заңдар мен ережелерді қолдануға басым құқық бере алмайды.

6-бап. Куәліктер мен лицензияларды тану (ұшу қауіпсіздігі)

1. Уағдаласушы тараптардың бірі берген немесе жарамды деп таныған, қолданылу мерзімі өтпеген, ұшуға жарамдылық куәліктерін, біліктілік куәліктерін және куәліктерді екінші Уағдаласушы тарап осындай куәліктер немесе куәландырулар берілген немесе жарамды деп танылған талаптар Конвенцияға сәйкес белгіленген стандарттарға сәйкес келген жағдайда, Қосымшада айтылған маршруттар бойынша шарттық желілерді пайдалану кезінде жарамды деп танылатын болады.

2. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарап әуежайларға, экипаждарға, әуе кемелеріне және тағайындалған авиакәсіпорындардың қызметіне қатысты сақтайтын қауіпсіздік нормалары бойынша консультациялар сұратуға құқылы. Егер осындай консультациялар өткізілгеннен кейін бір Уағдаласушы тарап осы салалардағы, ең болмағанда, Конвенцияда белгіленген ең төменгі стандарттарға сәйкес келуге тиіс қауіпсіздік нормалары мен талаптарын екінші Уағдаласушы тарап тиімді орындамайды немесе қамтамасыз етпейді деп санаса, екінші Уағдаласушы тарап алынған деректер туралы және осы ең төменгі стандарттарға сәйкес келу қажеттілігі туралы хабардар етілуге және екінші Уағдаласушы тарап тиісті түзету шараларын қабылдауға тиіс. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарап тағайындаған авиакәсіпорынға немесе авиакәсіпорындарға пайдалануға арналған рұқсатты немесе техникалық рұқсатты беруден бас тартуға немесе, егер екінші Уағдаласушы тарап түзету шараларын уақытылы қабылдаса, оларды кері қайтарып алуға немесе олардың қолданысын шектеуге құқылы.

7-бап. Авиациялық қауіпсіздік

1. Уағдаласушы тараптар халықаралық құқықтан туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес, олар бір-біріне қатысты алған азаматтық авиация қауіпсіздігін заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттемесі осы Келісімнің ажырамас

бөлігін құрайтындығын растайды. Халықаралық құқықтан туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттемелерін шектемей, Уағдаласушы тараптар 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токио қаласында қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және кейбір басқа актілер туралы конвенцияның, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаага қаласында қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияның және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреаль қаласында қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес туралы конвенцияның ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

2. Уағдаласушы тараптар азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алуды және әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлардың және аэронавигациялық құралдар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз актілерді, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігінің кез келген басқа қатерін болдырмау жөнінде өзара негізде сұрау салу бойынша барлық қажетті көмекті көрсетеді.

3. Уағдаласушы тараптар өздерінің өзара қарым-қатынастарында Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгілеген және Конвенцияға қосымшалар ретінде ресімделген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сәйкес осындай ережелер Уағдаласушы тараптардың мемлекеттеріне қолдануға болатындай дәрежеде іс-қимыл жасайды. Уағдаласушы тараптар негізгі қызмет орны немесе тұрақты болатын жері өз мемлекеттерінің аумағында орналасқан әуе кемелерін пайдаланушылардың және Француз Республикасы жағдайында оның аумағында құрылған және Еуропалық Одақтың заңына сәйкес тасымалдарды жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар пайдаланушылардың, сондай-ақ өз мемлекетінің аумағында халықаралық әуежайларды пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі осындай ережелерге сәйкес іс-қимыл жасауын талап етуге тиіс. Бұл тармақта авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сілтемелер тиісті Уағдаласушы тарап белгілеген кез келген сәйкессіздіктерді қамтиды. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарапқа өзінің аталған ережелерге қатысты қандай да бір кез келген сәйкессіздіктер туралы мәлімдеу ниеті туралы ақпаратты алдын ала ұсынады.

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың оның әуе кемелерін пайдаланушылардан осы баптың 3-тармағында аталған осы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекеті аумағының шегіне келу, одан кету және болу үшін осы екінші Уағдаласушы Тарап көздейтін авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтауын талап ете алатындығымен келіседі.

Әрбір Уағдаласушы Тарап әуе кемелерін қорғау және жолаушылар мен олардың қол жүгін тексеру, сондай-ақ экипаждарға, тауарларға және борттық қорларға отырғызу немесе тиеу уақытынан бұрын және уақытында тиісінше бақылауды жүзеге асыру үшін өз мемлекетінің аумағы шегінде тиісті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Уағдаласушы Тарап, нақты қауіпке байланысты қауіпсіздіктің орынды

арнайы шараларын қолдану туралы екінші Уағдаласушы Тараптың кез келген өтінішіне
тілектестікпен қарайды.

5. Азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алуға немесе әуе кемелерінің, олардың жолаушыларының және экипаждың, әуежайлардың немесе аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз актілерге байланысты оқыс оқиға немесе оқыс оқиға қатері болған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар осындай оқыс оқиғаның және оның қатерінің дереу және қауіпсіз жолын кесу мақсатында байланысты қамтамасыз ету және тиісті шаралар қабылдау арқылы бір-біріне көмек көрсетеді.

6. Егер Уағдаласушы тараптардың бірінің осы баптың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге байланысты проблемалары болса, Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындарынан дереу консультациялар жүргізуді сұрай алады.

8-бап. Баждардан және өзге де алымдардан босату

1. Уағдаласушы тараптардың әрқайсысы, екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарын әуе кемелеріне, осы мемлекеттің кедендік қағидаларын ескере отырып, сондай-ақ қозғалтқышты, отынды, жанармай материалдары мен пайдаланылатын техникалық қорларды қоса алғанда, олардың қосалқы бөлшектеріне, әуе кемесінің бортындағы үстел заттарына (оның ішінде тағам өнімдері, сусындар, азық-түліктер) және әуе кемелерін пайдаланумен немесе қызмет көрсетумен байланысты пайдалануға арналған немесе айрықша пайдаланатын басқа да заттарға арналған кедендік баждардан, инспекциялық алымдардан және басқа да осыған ұқсас алымдарды төлеуден босатылады.

2. Осы бапта ұсынылған босатулар (осы баптың 4-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда) осы баптың 1-тармағында көрсетілген мынадай:

а) бір Уағдаласушы тарап аумағына немесе екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары атынан әкелінген;

б) екінші Уағдаласушы тарап аумағына келгеннен немесе одан шыққаннан кейін бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының немесе авиакәсіпорындарының әуе кемесінің бортында қалған;

с) екінші Уағдаласушы тарап аумағынан бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының немесе авиакәсіпорындарының әуе кемесі бортына алынған және шарттық желілерді пайдалануға беру кезінде қолдануға арналған материалдарға;

мұндай материалдар осы Уағдаласушы тараптың аумағында иеліктен шығарылмайтын жағдайда, осы материалдардың баждан босатуды ұсынатын Уағдаласушы тарап аумағында толық пайдаланылғанына немесе қолданылғанына қарамастан қолданылатын болады.

Жоғарыда айтылған материалдар босатуды ұсынған Уағдаласушы тарап аумағына әкелінген жағдайда, кедендік бақылауда болуы мүмкін кедендік ресми мәлімдеуге жатады.

3. Бір Уағдаласушы тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары шарттық желілерде пайдаланатын әуе кемесінің бортындағы борт жабдығы, отын қоры мен жанармай материалдары, сондай-ақ қосалқы бөлшектер осы Уағдаласушы тараптың кеден органдарының келісімімен ғана екінші Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағына түсірілуі мүмкін. Осы материалдар Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) немесе Финляндия аумағы шектерінен немесе оларды кедендік процедураларға үшін орналастырғанға дейін кедендік бақылауда болады.

4. Көрсетілген қызмет, кедендік декларациялау және сақтау үшін алымдар шығыстары осы Келісімнің 15-бабында айқындалған осындай қызметтерді көрсету шеңберіндегі нақты шығындарға негізделген мөлшерде Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес алынады.

9-бап. Тасымалдау сыйымдылығын реттеу

1. Уағдаласушы тараптардың тағайындалған авиакәсіпорны (авиакәсіпорындары) осы Келісімде көзделген шарттық желілерді пайдаланған кезде әділ және тең мүмкіндіктерді пайдаланады.

2. Осы Келісімнің қосымшасында белгіленген шарттық желілерде пайдалануға арналған тасу ыдыстарына, әуе кемелерінің жиіліктері мен типтеріне қатысты барлық коммерциялық мәселелер екі Уағдаласушы тараптың да авиациялық билік орындары арасында келісілуі тиіс.

10-бап. Тарифтер

1. Екі Уағдаласушы тарап аумақтары арасында қолданылатын тарифтер тасымалдау құнын, пайдаланушылар мүдделерін, орынды пайданы, қызмет көрсету сыныбын және қажет болған жағдайда бүкіл маршрутты немесе оның бір бөлігін пайдаланатын басқа да авиакомпаниялардың тарифтерін қоса алғанда, барлық тиісті факторлар ескеріле отырып, орынды деңгейде белгіленуге тиіс.

2. Егер Уағдаласушы тараптардың бірінің немесе кез келгенінің авиациялық билік орындары белгіленген тарифтермен келіспесе, онда басты мақсаттары:

- a) тонаушылық немесе кемсітушілік бағаларды немесе практикаларды болдырмау;
- b) тұтынушыларды шамадан тыс жоғары немесе үстем жағдайды асыра пайдалану салдарын шектейтін бағалардан қорғау; және
- c) авиакәсіпорындарды тікелей немесе жанама үкіметтік субсидиялардың салдарынан жасанды төменделген бағалардан қорғау;
- d) бәсекелестікті айқын жою мақсатында авиакәсіпорындарды төмендетілген бағалардан қорғау болуы тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған тарифтерді тіркеу үшін оларды қолдану басталатын жоспарланған күнге дейін алпыс (60) күннен кешіктірмей Уағдаласушы тараптың екеуінің авиациялық биліктеріне жолдануға тиіс.

4. Егер Уағдаласушы тараптардың бірі қандай да бір тариф осы баптың (1) тармағының ережелеріне сәйкес келмейді деп пайымдайтын болса, онда ол консультациялардың берілуіне сұрау салуға және екінші Уағдаласушы тарапты қысқа мерзімде өзінің қанағаттанбауының себептері туралы хабардар етуге тиіс. Мұндай консультациялар сұрау салуды алғаннан кейін 30 күннен кешіктірілмей өткізілуі тиіс және тараптар орынды шешімнің шығарылуына қажетті ақпаратты қамтамасыз етуде ынтымақтастық жасауға тиіс.

11-бап. Авиакәсіпорындардың өкілдіктері

1. Бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорны өзара түсіністік негізінде екінші Уағдаласушы тараптың мемлекеті аумағына шарттық желілерді пайдалануға қажетті өз өкілдіктері мен коммерциялық, операциялық және техникалық персоналын жіберуге және онда ұстауға құқылы.

2. Персоналға қойылатын бұл талаптар бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының (авиакәсіпорындарының) таңдауы бойынша өзінің жеке персоналы есебінен немесе екінші Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағында жұмыс істейтін және осы Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағында осындай қызметтерді көрсетуге рұқсаты бар кез келген басқа ұйымды, компанияны немесе авиакәсіпорынды пайдалана отырып қанағаттандырылуы мүмкін.

3. Өкілдік пен персонал екінші Уағдаласушы тараптың қолданыстағы заңдары мен қағидаларын сақтауға тиіс және заңдар мен қағидаларға сәйкес әрбір Уағдаласушы тарап өзара түсіністік негізінде және қысқа мерзімде осы баптың 1-тармағында аталған өкілдіктер мен персоналға жұмысқа қажетті рұқсаттарды, қонақ болу визалары мен өзге де соған ұқсас құжаттарды алуға жәрдем көрсететін болады.

12-бап. Коммерциялық қызмет және кірістерді аудару

1. Әрбір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорны Уағдаласушы тараптың аумағындағы өзінің офистерінде өзінің тасымал құжаттармен авиатасымалдары жүзеге асыруға және екінші Уағдаласушы тараптың ұлттық заңдары мен қағидаларына сәйкес ресми уәкілетті агенттерін тағайындауға құқылы.

2. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тараптың авиакәсіпорнына жергілікті кірістердің осы кәсіпорын шарттық желілерді пайдаланудан өз мемлекетінің аумағында алған жергілікті шығыстардан асып түскен соманы еркін аудару құқығын береді. Егер соған ұқсас аударымдар рәсімі Уағдаласушы тараптар арасындағы арнайы келісіммен реттелетін жағдайда, осы келісімдердің ережелері қолданылуға тиіс. Осындай келісімдер не онда тиісті ережелер болмаған жағдайда аударым Уағдаласушы тараптың шетелдік айырбастау реттеуіне сәйкес ресми айырбастау бағамы бойынша тұрлаулы еркін айналыстағы валютада жүргізілуі тиіс.

13-бап. Бірлескен уағдаластықтар

Шарттық желілерді пайдалануға арналған қажетті рұқсаттары бар әрбір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары белгіленген маршруттар немесе код-шеринг, блок-орындар бойынша келісім, бірлескен кәсіпорын сияқты әртүрлі бірлескен уағдаластықтардың негізінде осы маршруттардың кез келген учаскесі бойынша шарттық желілерді және екінші Уағдаласушы тараптың авиакәсіпорнымен немесе авиакәсіпорындарымен осындай авиакәсіпорындарда маршруттарды немесе учаскелерді пайдалануға арналған тиісті рұқсаты болған жағдайда ынтымақтастықтың өзге де бағыттарын пайдалану және/немесе ұсыну құқығын алады.

14-бап. Интермодальды жүк тасымалдары

Осы Келісімнің кез келген басқа ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы тараптардың екеуінің де авиакәсіпорындары мен жүк авиатасымалдары бойынша қызметтерді жанама жеткізушілерге кедендік пункттері бар барлық әуежайларға және әуежайлардан тасымалдауды қоса алғанда және қажет болған кезде, кедендік тазартудан өтпеген авиациялық жүктерді тасымалдау құқығын қоса алғанда, қолданыстағы заңдарға және қағидаларға сәйкес Уағдаласушы тараптардың немесе үшінші елдердің аумағындағы пункттерге немесе пункттерден авиациялық жүктер үшін жерүсті көлігін пайдалануға рұқсат беріледі. Жерүсті немесе әуе жолдарымен тасымалданатын мұндай авиациялық жүктердің әуежай кеденіне және жүктерді өңдеу пунктіне рұқсаты болуға тиіс. Авиақәсіпорындар өзінің қалауы бойынша меншікті жерүсті тасымалдарын жүзеге асыра алады немесе оларды басқа авиақәсіпорынның немесе жүк авиатасымалдары бойынша қызметтерді жанама жеткізушілердің жерүсті көлігін қоса алғанда, басқа да жерүсті тасымалдаушыларымен уағдаластық арқылы қамтамасыз ете алады. Интермодальды жүк тасымалдары бойынша мұндай көрсетілетін қызметтер жүк жөнелтушілер осындай тасымалдау фактілері туралы тиісті түрде хабардар етілген жағдайда әуе және жерүсті көлігімен құрамдастырылған тасымалға арналған бірыңғай тариф негізінде ұсынылуы мүмкін.

15-бап. Алымдар

1. Құрал-жабдықтар, техникалық және өзге де құралдар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, әрбір әуежайдың көрсететін қызметтерін пайдаланғаны үшін алымдар мен өзге де шығыстар, сондай-ақ аэронавигациялық құралдарды, байланыс құралдары мен қызметтерін пайдаланғаны үшін кез келген шығыстар әрбір Уағдаласушы тарап белгілейтін мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес алынады.

2. Бір Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиақәсіпорны (авиақәсіпорындары) екінші Уағдаласушы тараптың тағайындалған авиақәсіпорны және/немесе соған ұқсас халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асыратын кез келген басқа шетелдік авиақәсіпорынның (авиақәсіпорындардың) екінші Уағдаласушы тараптың құрал-жабдығы мен көрсетілетін қызметтерін пайдаланғаны үшін төлейтініне қарағанда неғұрлым жоғары алымдар төлеуге тиіс емес.

16-бап. Статистикалық деректер

Бір Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы тараптың авиациялық билік орындарының сұрау салуы бойынша статистикалық деректерді немесе соған ұқсас басқа да ақпаратты шарттық желілерде берілетін тасу ыдыстарының көлемін қарау мақсатында орынды шегінде беретін болады.

17-бап. Консультациялар

1. Тығыз ынтымақтастық рухында Уағдаласушы тараптардың авиациялық билік орындары осы Келісімнің және оған қосымшаның ережелерін орындауды қамтамасыз ету, тиісті түрде сақтау мақсатында тұрақты консультациялар жүргізеді, сондай-ақ қажет болған кезде өзгерістер енгізу мақсатында консультациялар жүргізетін болады.

2. Кез келген Уағдаласушы тарап келіссөздер немесе хат алмасу арқылы консультациялар жүргізуді сұратуға құқылы және олар, егер Уағдаласушы тараптар осы мерзімді ұзарту туралы уағдаласпаса, оларды жүргізу туралы сұрау салу алынған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталуға тиіс.

18-бап. Дауларды шешу

1. Уағдаласушы тараптар арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты дау туындаған жағдайда, Уағдаласушы тараптар оны бірінші кезекте тікелей келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

2. Егер Уағдаласушы тараптар келіссөздер арқылы келісімге қол жеткізе алмаса, олар дауды өзара келісілген жеке немесе заңды тұлғаға немесе қандай да бір Уағдаласушы тараптың сұрау салуы бойынша үш төрешіден тұратын төрелік сотқа шешуге бере алады. Мұндай жағдайда әрбір Уағдаласушы тарап бір-бір төрешіден атайды, ал үшіншісін Уағдаласушы тараптың біріншісінің де, екіншісінің де азаматы болып табылмайтын жоғарыда көрсетілген екі төреші тағайындайды, бұл ретте үшінші төреші төрелік сот төрағасының функцияларын орындайды. Бір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тараптан дипломатиялық арналар арқылы дауды төрелік сотта шешуге сұрау салынған хабарламаны алған күнінен бастап алпыс (60) күн ішінде әрбір Уағдаласушы тарап өзінің төрешісін тағайындайды; үшінші төреші алғашқы екі төреші тағайындалғаннан кейін алпыс (60) күн ішінде таңдалады. Егер қандай да бір Уағдаласушы тарап төрешіні белгіленген мерзімде тағайындай алмаса немесе үшінші төреші белгіленген мерзімде таңдалмаса, кез келген Уағдаласушы тараптың сұрау салуы бойынша Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Кеңесінің президенті қажетті тағайындауларды жүргізе алады. Егер Халықаралық азаматтық авиация ұйымының президенті ұйыммен келісімшарттағы мемлекеттің азаматы болса, немесе өзге де себептермен осы функцияларды орындай емес жағдайда Халықаралық азаматтық авиация ұйымының бірінші вице-президенті керекті тағайындауларды жүргізе алады.

3. Уағдаласушы тараптар осы баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған кез келген шешімдерге бағынады.

4. Егер бір Уағдаласушы тарап осы баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған шешімді орындамаған кез келген жағдайда және осындай шешім сақталмаған бүкіл уақыт ішінде екінші Уағдаласушы тарап бұзушылыққа жол берген Уағдаласушы тарапқа осы Келісіммен берілген қандай да бір құқықтарды шектеуі немесе қайтарып алуы мүмкін.

19-бап. Өзгерістер енгізу

1. Егер Уағдаласушы тараптардың бірі осы Келісімге өзгерістер енгізуді қаласа, ол екінші Уағдаласушы тараппен консультациялар жүргізуді сұратуға құқылы. Авиациялық биліктер арасында келіссөздер немесе хат алмасу арқылы жүргізілуі мүмкін мұндай консультациялар, егер тек Уағдаласушы екі тарапта осы кезенді ұзарту туралы уағдаласпаса, оларды жүргізу туралы сұрау салу алынған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталуға тиіс. Келісімнің кез келген өзгерістері құқықтық рәсімдерге сәйкес әр Келісуші тараппен бекітілуі тиіс және әр Келісуші тарап осы рәсімдердің сақталғанын растайтын дипломатиялық ноталар алмасу арқылы бір-бірін хабардар еткеннен кейін екінші айдың бірінші күнінде күшіне енеді.

2. Қосымшаға енгізілетін өзгерістер Келісуші тараптардың авиациялық биліктерімен келісуі мүмкін. Мұндай өзгерістер авиациялық биліктерінің арасындағы келісімі бойынша күшіне енеді.

20-бап. Көпжақты келісім

Осы Келісім және оған қосымша екі Уағдаласушы тарап қатысушылары болатын кез келген көпжақты келісімге сәйкес келу мақсатында толықтырылатын болады.

21-бап. Келісімнің қолданысын тоқтату

Әрбір Уағдаласушы тарап кез келген уақытта дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласушы тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтату туралы хабарлай алады; мұндай хабарлама бір уақытта Халықаралық азаматтық авиация ұйымына жіберіледі. Келісім, екінші Уағдаласушы тараптың хабарламаны алған күнінен бастап он екі (12) айдан кейін, егер Келісімнің қолданысын тоқтату туралы хабарлама осы кезең аяқталғанға дейін өзара келісіммен кері қайтарып алынбаса, өзінің қолданысын тоқтатады. Екінші Уағдаласушы тараптың тарапынан хабарламаны алғаны туралы растау болмаған жағдайда, ол хабарламаны оны Халықаралық азаматтық авиация ұйымы алған күннен бастап он төрт (14) күннен кейін алды деп есептелетін болады.

22-бап. Тіркеу

Осы Келісім, сондай-ақ кейіннен өзгерістер мен түзетулер Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркелуге тиіс.

23-бап. Күшіне енуі

Осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық ішкі мемлекетшілік рәсімдерді бір Уағдаласушы тараптың аяқтағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы Уағдаласушы тараптың біреуінен алынған күннен бастап (30) отыз күннен кейін күшіне енеді.

24-бап

Осы Келісім күшіне енген сәттен бастап 1996 жылғы 7 ақпанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы Келісім өзінің қолданысын тоқтатады.

Уағдаласушы тараптар 1996 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы Келісімді орындауды тоқтатуға өз шешімі туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымына хабарлайды.

Осыны куәландыру үшін, аталған мақсатқа тиісті түрде уәкілетті екі үкімет өкілдері осы Келісімге қол қойды.

2017 жылғы _____ қаласында қазақ, фин, швед, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады.

Осы Келісімнің мәтіндер арасында айырмашылық туындаған жағдайда Уағдаласушы тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан*

*Финляндия
Республикасының Үкіметі атынан*

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен
Финляндия Республикасының
Үкіметі арасындағы
әуе қатынасы туралы
келісімге қосымша

Маршруттар кестесі

Қазақстанның тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары пайдаланатын маршруттар:

Қазақстандағы пункттер – аралық пункттер – Финляндия – тысқары пункттер.

Финляндияның тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары пайдаланатын маршруттар:

Қазақстандағы пункттер – аралық пункттер – тысқары пункттер.

1. Кез келген аралық пункттерге және/немесе тысқары пункттерге Уағдаласушы тараптың екеуінің де тағайындалған авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындары бесінші әуе еркіндігі дәрежесі құқығын пайдаланбай қызмет көрсетуі мүмкін.

2. Бесінші әуе еркіндігі дәрежесі құқығын пайдалану Уағдаласушы тараптардың авиациялық билік орындары арасындағы жекелеген уағдаластықтардың мәні болып табылады.

3. Уағдаласушы тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындары кез келген немесе барлық ұшуларды орындаған кезде жоғарыда көрсетілген маршруттардың кез келген пункттерінде тоқтамай өтуі, сондай-ақ осы маршруттардағы шарттық желілер

авиакәсіпорынды немесе авиакәсіпорындарды тағайындайтын Уағдаласушы тараптың аумағында басталатын жағдайда пункттерге кез келген тәртіппен қызмет көрсетуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК